

2013 жылы денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы

### **Күшін жойған**

Ақтөбе облысы Үрғыз аудандық мәслихатының 2013 жылғы 29 наурыздағы № 62 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 18 сәуірде № 3559 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақтөбе облысы Үрғыз аудандық мәслихатының 2014 жылғы 22 қаңтардағы № 110 хаты)

Ескеरту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақтөбе облысы Үрғыз аудандық мәслихатының 22.01.2014 № 110 хаты).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы » Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі « АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 18 бабының 8 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандагы № 183 «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы» Қаулысына сәйкес Үрғыз аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТИ:**

1. Үрғыз ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шаралары ұсынылсын:

1) жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы;

2) тұрғын үй сатып алу үшін әлеуметтік қолдау - бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік несие болып белгіленсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы  
**Н. САДЫҚОВ**

Аудандық мәслихат  
хатшысы  
**К. ҚОСАЯҚОВ**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК